

Бекітілген тарифтік сметаның, бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа және сенімділік көрсеткіштерінің сақталуы және «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» АҚ-ның тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу бойынша 2022 жылға ЕСЕБІ

1. Кәсіпорынға сипаттама

«Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамы (әрі қарай - Компания) Қызылорда облысы бойынша электр энергиясын беру қызметі бойынша табиғи монополия субъектісі болып табылады.

Компания қызметінің негізгі мақсаты – Қызылорда облысының электр энергетикалық желілерінің тиімді және сенімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

Компаниядағы қызметкерлер саны – 1014 адам, оның ішінде: әкімшілік-басқару персоналы – 64 адам, өндірістік персонал – 950 адам.

Компанияның пайдалануындағы электр желілерінің жалпы ұзындығы **10 121 шақырым**, қосалқы станциялардың саны – **1867 дана**, құрылғылардың жалпы тозу деңгейі **68% жетті**.

Қазіргі таңда, құрылғылардың нақты қызмет еткен мерзімі **30-50 жылдардан астам**, алайда нормативті қызмет ету мерзімі 20-25 жылдан аспауы керек.

2. 2022 жылға бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы

Уәкілетті органмен 2022 жылға инвестициялық бағдарлама **346 млн. теңгеге** бекітіліп, төмендегідей жұмыстар жүргізілді:

195 млн. теңгеге – 33,5 шақырым 10/0,4 кВ электр желілерін қайта жаңғырту;

98 млн. теңгеге – электр энергиясын есепке алу аспаптарын АСКУЭ-ге қосу;

50 млн. теңгеге – №9 ЦРП-10 кВ тарату пунктін жаңғырту.

Инвестициялық бағдарламаны шаруашылық тәсілмен (хоз. способ) мекеменің өз күшімен орындалды.

Инвестициялық бағдарламада қарастырылған **3 млн. теңгеге** – ұйымдастыру техникасын сатып алу іс шарасы бойынша мемлекеттік сатып алу конкурстарына өнім берушілер қатыспау себебінен, Уәкілетті орган мен Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының бірлескен бұйрығына сәйкес, ұйымдастыру техникасын

сатып алу іс шаралары 2023 жылға ауыстырылды. Қазіргі таңда, аталған іс шара бойынша мемлекеттік сатып алу конкурстарын жариялау жұмыстары жүргізілуде.

Табиғи монополиялар
субъектілерінің қызметін
жүзеге асыру қағидаларына
5-қосымша
1-Нысан

Бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы ақпарат
«Қызылорда Электр Тарату Тораптары Компаниясы» АҚ –ның
2022 жыл бойынша жылдық қорытындысы
электр энергиясын беру қызметі
(реттеліп көрсетілетін қызмет)

№ п/п	Реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынудың жоспарлы және нақты көлемдері туралы ақпарат					Инвестициялық бағдарлама шеңберінде қызмет ұсыну кезеңі	Пайда мен шығындар туралы есеп*	Инвестициялық бағдарламаның (сомасы)			
	Реттеліп көрсетілетін қызметтердің атауы және қызмет көрсетілетін аумақ	Іс-шаралар атауы	Өлшем бірлігі	Заттай көрсеткіштердегі саны				Жоспары	Нақты	Ауытқу	ауытқу себептері
				Жоспар	Нақты						
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
1	Электр энергиясын беру. Қызмет көрсетілетін аумақ- Қызылорда облысы, аумағы 75 612 км ² .	Қызылорда қаласы Орталық аудандық электр торабының 10/0,4 кВ қосалқы станцияларын және 10/0,4 кВ электр желілерін қайта құру және жаңғырту.	Шақырым/ дана	33,5	33,5	2022 жыл	-1 687 059	194 591	194 420	- 171	Конкурстық рәсімнің нәтижелері бойынша
		Электр энергиясы есепке алу аспаптарының жаңғырту және ЭЭБЕАЖ-ге (АСКУЭ) қосу.	дана	832	832	2022 жыл		97 877	97 834	-43	Конкурстық рәсімнің нәтижелері бойынша

				ОТП-10 кВ №9 жаңғырту	жиынтық	1	1	2022 жыл		50 000	49 274	-726	Конкурстық рәсімнің нәтижелері бойынша
				Ұйымдастыру техникасын сатып алу	жиынтық	12	0	2022 жыл		3 400		-3 400	Мемлекеттік сатып алу конкурстары жүргізілуде
Инвестициялық бағдарламаны қаржыландырудың нақты шарттары мен мөлшері туралы ақпарат, мың теңге				Инвестициялық бағдарламаны орындаудың нақты көрсеткіштерін инвестициялық бағдарламада бекітілген көрсеткіштермен салыстыру туралы ақпарат**								Қол жеткізілген нақты көрсеткіштердің бекітілген инвестициялық бағдарламада көрсеткіштерден ауытқу себептерін түсіндіру	Ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігін арттыруды бағалау
собственные средства		Қарыз қаражаты	Бюджеттік қаражат	Өндірістік көрсеткіштерді жақсарту, %, бекітілген инвестициялық бағдарламаға байланысты іске асыру жылдары бойынша		Негізгі қорлардың (активтердің) тозуының (физикалық) төмендеуі, %, бекітілген инвестициялық бағдарламаға байланысты іске асыру жылдары бойынша)		Ысыраптарды төмендету, %, бекітілген инвестициялық бағдарламаға байланысты іске асыру жылдары бойынша		Бекітілген инвестициялық бағдарламаға байланысты іске асыру жылдары бойынша апаттылықты төмендету			
Амортизация	пайда			өткен жылдың фактісі	ағымдағы жылдың фактісі	өткен жылдың фактісі	ағымдағы жылдың фактісі	жоспар	факт	өткен жылдың фактісі	ағымдағы жылдың фактісі		
13	14	15	16	17	18	19	20	21	22	23	24	25	26
194420				0	0	69	68	14,65	14,65	385	214	Конкурстық рәсімнің нәтижелері бойынша	Электр энергиясын беру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтер көлемдері тарифтік сметада 1018 млн.кВт*сағат болып бекітілген, есепті жылға нақты көлемі 1029 млн.кВт*сағатты құрап, бекітілген

97834												Конкурстық рәсімнің нәтижелері бойынша	мөлшерден 1%-ға ұлғайды. Электроэнергиясының транзиты 2021 жылмен салыстырғанда (2021 ж. электроэнергиясы транзитінің нақты көлемі 1002 млн. кВт*сағ құрады) 27 млн.кВт*сағ немесе 3% өсіп отыр. Электр энергиясы транзитінің ұлғаюы қосымша энергия объектілерін және жаңадан қосылған электр энергиясы тұтынушыларын енгізу есебінен. Электр желілері мен қосалқы станциялардың тозуы 68% құрайды. Олардың нормативтік пайдалану мерзімі 20-25 жыл, алайда, нақты пайдалану мерзімі 35-50 жылды құрап отыр. 2022 жылы электр энергиясының нормативтік техникалық ысырабы 169 мың кВт.сағатты немесе 14,65% құрады.
49274												Конкурстық рәсімнің нәтижелері бойынша	

3. 2022 жылға бекітілген тарифтік сметасының баптары бойынша орындалуы**2022 жылға бекітілген тарифтің құрылымы**

Бекітілген тарифте материалдық шығындардың үлес салмағы - 5%, жөндеу жұмыстарына шығындары - 4%, еңбекке ақы төлеуге арналған шығындары - 25%, салықтар - 2%, негізгі құралдар және материалдық емес активтердің (НМА) амортизациялық аударымдары - 19%, өзге ұйымдар қызметтері - 2%, Еуропалық қайта құру және даму банкі сыйақылары төленуіне шығындары - 8%, ысыраптар өтелуіне шығындар - 35% құрады.

Тарифте пайда ескерілмеген.

Табиғи монополиялар
субъектілерінің қызметін
жүзеге асыру қағидаларына
5-қосымша
2-Нысан

Бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы ақпарат

«Қызылорда Электр Тарату Тораптары Компаниясы» АҚ –ның
2022 жыл бойынша жылдық қорытындысы
электр энергиясын беру қызметі
(реттеліп көрсетілетін қызмет)

р/с	Көрсеткіштер атауы	Өлшем бірлігі	Бекітілген тарифтік сметадағы көрсеткіштер	Нақты қалыптасқан көрсеткіштері	Ауытқулар, %	Ауытқу себептері
1	2	3	4	5	6	7
1.	Материалдық шығындар	млн.тенге	263	302	15	Материалдарға бағалардың өсуі, апаттық жағдайларды болдырмау, сапалы электр энергия мен электрмен жабдықтау сенімділігін арттыру мақсатында қосымша апаттық-қалпына келтіру жұмыстары мен электр желілеріне қызмет көрсету жұмыстарының артық көлемде орындалуы.
2.	Еңбекке ақы төлеуге арналған шығындар	млн.тенге	1 448	1 692	17	Ең төменгі жалақының 60 000 теңгеге дейін ұлғаюына (41% - га ұлғаюына) және елімізде орын алған қаңтар айындағы оқиғаларға байланысты, Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау барысында, сонымен қатар білікті мамандардың

						ауысуы мен кадрлық тұрақсыздықты болдырмау мақсатында, компания қызметкерлердің мақсатын орта есеппен 15% - га арттырды, бұл еңбекақы қорының 244 млн.теңгеге өсуіне әкелді.
3.	Амортизация және материалдық емес активтер амортизациясы	млн.тенге	897	1276	42	Еуропалық қайта құру және даму банкі несиесі бойынша негізгі қарызын төлеуге 550 млн.теңге, инвестициялық бағдарлама бойынша 346 млн. теңге бекітілген, 2022 жылға есептелінген негізгі қарыз көлемі толығымен төленді. Алайда, амортизацияның нақты есебі 1 276 млн.теңгені құрап, жыл қорытындысы бойынша 379 млн.теңге жоспардан артық шығынды құрады.
4.	Жөндеу	млн.тенге	294	291	(1)	Күрделі жөндеу бабы, ғимараттарға көрсетілетін жөндеу жұмыстарына мемлекеттік сатып алу келісім шартына сәйкес, материалдардың (есіктердің) уақытында толық жеткізілмеу себебінен 3 млн.теңгеге жөндеу жұмыстары толығымен орындалмады.
5.	Өндірістік сипаттағы бөгде ұйымдардың қызметтері және өзге де шығындар	млн.тенге	124	141	14	Артық шығын өндірістік қажеттілікке байланысты, нормативтік-құқықтық актілер талаптарына сәйкес қосымша шығындардан және апаттарды уақытылы жою, ақаусыз және сапалы қызмет көрсету мақсатында өндірістік сипаттағы шығындардан пайда болды.
6.	Салықтар	млн.тенге	157	157	-	
7.	Еуропалық қайта құру және даму банкі несиесіне сыйақы төленуіне шығындары	млн.тенге	344	541	57	Инфляцияның жоғарылауына байланысты Еуропалық Қайта Құру және Даму Банкіне сыйақы төлеуге арналған шығыстар 197 млн. теңгеге артты;
8.	Ысырап шығындарын өтеуге байланысты шығындар	млн.тенге	1 905	2 267	19	Энергия өндіруші станциялардың («Қызылордажылуэлектрорталығы», «СКЗ-У», «Екібастұз ГРЭС») электроэнергиясын сату бағасының және «KEGOC» акционерлік қоғамының көрсететін қызметтері бағасының өсуіне, 2022 жылдың 01 шілдесіне дейінгі коммуналдық қызметтер тарифтерін өсіруге мораторийдің енгізілуіне, тарифті мерзімінен бұрын өзгертуге өтінім бере алмауына байланысты, нормативтік ысыраптарды сатып алу шығыстары 362 млн. теңгеге өсті.
9.	Барлық шығыстар	млн.тенге	5 432	6 667	23	
10.	Пайда	млн.тенге		(1 673)		Нақты амортизацияның, еңбекке ақы төлеу шығындарының және қосымша шығыстар есебінен шығындардың, электроэнергияны сатып алу

						бағасының бірнеше рет өсуі, коммуналдық қызметтер тарифтерін өсіруге мораторийдің енгізілуі, уақытша өтемдік тарифтің енгізілуі себебінен шығын пайда болды
11.	Барлық табыс	млн.тенге	5 432	4 994	(9)	Уақытша өтемдік тарифтің енгізілуі, қарызға қызмет көрсетудің резервтік шотындағы соманы алып тастауды ескере отырып
12.	Көрсетілетін қызметтердің көлемі	млн. кВт*сағ	1 018	1 029	1	Қосымша энергия объектілерін және жаңадан қосылған электр энергиясы тұтынушыларын енгізу есебінен ұлғайюы
13.	Нормативтік техникалық ысыраптар	%	14,65	14,65	-	
		млн. кВт*сағ	148	169	14	Электр энергиясы транзиті көлемінің ұлғаюы
14.	Электр энергиясы берілуі қызметтеріне тарифі (КҚС-сыз)	тенге/ кВт*сағ	5,334	4,854	(9)	
	Қарызға қызмет көрсетудің резервтік шотындағы сомасын алып тастауды ескере отырып	млн.тенге	399	399		
	2021 жылғы тұтынушыларға өтелмеген залал сомасы (тарифтік сметаның орындамағаны үшін)	млн.тенге	2	2		
15.	Тұтынушыларға келтірілген залалды, қарызға қызмет көрсетудің резервтік шотындағы соманы шегергендегі барлық кірістер	млн.тенге	5 031	4 994	(1)	Уақытша өтемдік тарифтің енгізілуі, қарызға қызмет көрсетудің резервтік шотындағы соманы алып тастауды ескере отырып
16.	Тұтынушыларға келтірілген залалды шегергендегі электр энергиясын беру қызметіне арналған тариф (КҚС-сыз)	тенге/кВт*сағ	4,94	4,854	(1)	2022 жылға бекітілген тарифтік сметада шығындар 4,893 теңге тариф бойынша есептелінген. Алайда, есепті жыл ішінде, 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап 2022 жылғы 31 шілдеге дейін 4,81 теңге уақытша өтемдік тариф қолданылды; 2022 жылғы 01 тамыздан 2022 жылғы 30 қыркүйекке дейін 4,893 теңге тариф қолданылды; 2022 жылғы 01 қазаннан 2022 жылғы 31 қазанға дейін 4,891 теңге уақытша өтемдік тариф қолданылды; 2022 жылғы 01 қарашадан 2022 жылғы 31 желтоқсанға дейін (стратегиялық тауарлар құнының өсуіне байланысты тарифтің өзгеруі) 4,94 теңге тариф қолданылды. 2022 жылдың қорытындысы бойынша орташа өлшенген тариф 1 кВт*сағат үшін 4,854 теңгені құрады.

4. Реттелетін көрсетілетін қызметтердің сапа және сенімділігі көрсеткіштерін сақтау туралы ақпарат

Электр энергиясы ажыратулары тек ауа райының қолайсыз жағдайлары кезінде орын алды. Тұтынушыларды электр энергиясымен үзіліссіз қамтамасыз ету мен транзитті ұлғайту бойынша энергожүйенің техникалық мүмкіндіктері, жұмыс сенімділігі сақталды. 2022 жылы 2-дәрежелі істен шығулар **214 рет** тіркеліп, 2021 жылмен салыстырғанда **171-ге немесе 44 %** азайған.

Қызметтер сапасы мен сенімділік көрсеткіштері барлық нормативтік-техникалық талаптарына сай сақталған.

Табиғи монополиялар
субъектілерінің қызметін
жүзеге асыру қағидаларына
5-қосымша
3-Нысан

Реттелетін көрсетілетін қызметтердің сапа және сенімділігі көрсеткіштерін сақтау туралы ақпарат**2022 жыл бойынша жылдық қорытындысы**

«Қызылорда Электр Тарату Тораптары Компаниясы» АҚ

электр энергиясын беру қызметі

(реттеліп көрсетілетін қызмет)

Рет. №	Сапасы мен сенімділігі көрсеткіші	Есепті кезеңнің алдындағы 2021 ж. дерегі	2022 ж. жоспары (нормасы)	Ағымдағы 2022 жылдың фактісі	Сапасы мен сенімділігі көрсеткіштері сақталуын бағалау	Сапасы мен сенімділігі көрсеткіштері сақтамау себептері (негіздемесі)
1	2	3	4	5	6	7
1	Жүйе жұмысындағы үзілістер жиілігінің орташа индексі (SAIFI)	1,199	3,7	1,132	норма	жоқ
2	Жүйе жұмысындағы үзіліс ұзақтығының орташа индексі (SAIDI)	1,542	3,7	1,719	норма	жоқ

5. 2022 жылдың нәтижесі бойынша электр энергиясын беру қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы ақпарат

Рет. №	Тиімділік көрсеткіші	Есепті кезең алдындағы 2021 ж. дерегі	2022 ж. жоспар	2022 ж. нақты	Тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізуді бағалау, %	Тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізбеу себептері (негіздемесі)
1	2	3	4	5	6	7
1	Электр энергиясын беру, млн. кВт*сағат	1002	1 018	1 029	101	жоқ
	Электр энергиясын беру, млн. теңге	4 882	5 432	4 994	92	
2	Электр энергиясы ысыраптары, млн. кВт*сағат	166	148	169	114	жоқ
	Электр энергиясы ысыраптары, млн теңге	2 161	1 905	2 267	119	

Облыста тұрғын үй секторының ұлғаюы, әлеуметтік нысандар мен кәсіпкерлік нысандардың жаңадан қосылуы, электр энергиясы тұтынушыларының нарығының кеңеюі, Қызылорда облысын электрмен жабдықтаудың дамуы есебінен электр энергиясы транзиті көлемі бекітілген жоспардан 11 млн.кВт*сағатқа немесе 1%-ға өскен.

6. 2022 жылға негізгі қаржы-экономикалық көрсеткіштері

Оперативтік мәліметтер бойынша:

Жалпы табыс – **5 813 млн.теңгені** құрады, оның ішінде: (негізгі қызметтен 4 994 млн.теңге, өзге де қызметтерден 819 млн.теңге).

Жалпы шығыстарға **7 500 млн.теңге** жұмсалды, оның ішінде: (негізгі қызметке 6 702 млн.теңге, өзге де қызметтерге 798 млн.теңге).

Жылдық шығын **1 687 млн.теңгені** құрайды, оның ішінде: (негізгі қызметтен 1 708 млн.теңге шығын болса, өзге де қызметтерден түскен пайда 21 млн.теңгені құрап отыр).

Өндірістік шығындар көлемі - қызметтерді апаттық жағдайларсыз және сапалы беру мақсатында, өндірістік қажеттілікке, сонымен қатар қосымша қызмет көрсету жұмыстарының өткізілуіне, нақты амортизацияның ұлғаюы және жыл ішінде энергия көздерінен электроэнергияны сатып алу бағасының бірнеше рет өсуіне қарай, электр энергиясының ысыраптарын сатып алуға жұмсалған шығындардың өсуіне байланысты ұлғайды.

Негізгі қызмет бойынша шығынның қалыптасуына мыналар әсер етті:

- уақытша өтемдік тарифтің енгізілуіне байланысты, 2022 жылға алынған орташа тариф көлемі **4,854** теңгені құрады, бұл ретте компания **37 млн.теңге** мөлшеріндегі кірістің толық алынбауы;
- Ең төменгі жалақының 60 000 теңгеге дейін ұлғаюына (*бекітілген тарифтік сметада 42500 теңгеден 41% - ға ұлғаюына*) және елімізде орын алған қаңтар айындағы оқиғаларға байланысты, Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау барысында, сонымен қатар білікті мамандардың ауысуы мен кадрлық тұрақсыздықты болдырмау мақсатында, компания қызметкерлердің жалақысын орта есеппен 15% - ға арттырды, бұл ретте еңбекақы қорының **244 млн.теңгеге** өсуі;
- тарифтік сметада бекітілген амортизациямен салыстырғанда нақты амортизацияның **379 млн.теңгеге** ұлғаюы. Бекітілген тарифтік сметада нақты амортизация шығыны толығымен ескерілмеді;
- инфляцияның жоғарылауына байланысты Еуропалық Қайта Құру және Даму Банкіне сыйақы төлеуге арналған шығыстар **197 млн теңгеге** артуы әсер етті;
- Энергия өндіруші станциялардың («Қызылордажылуэлектрорталығы», «СКЗ-У», «Екібастұз ГРЭС») электроэнергиясын сату бағасының және «KEGOC» акционерлік қоғамының көрсететін қызметтері бағасының өсуіне, 2022 жылдың 01 шілдесіне дейінгі коммуналдық қызметтер тарифтерін өсіруге мораторийдің енгізілуіне, тарифті мерзімінен бұрын өзгертуге өтінім бере алмауына байланысты, нормативтік ысыраптарды сатып алу шығыстары **362 млн. теңгеге** өсуі;
- апаттарды уақытылы жою, ақаусыз және сапалы қызмет көрсету мақсатында өндірістік сипаттағы шығындар, сондай-ақ өндірістік қажеттілікке қажетті материалдардың, жанар-жағар майдың нарықтағы бағасының өсуі негізінде **53 млн. теңгеге** өсуі (*пайдалану материалдары, қосалқы бөлшектер, арнайы киім, қызметтер және т.б.*);
- тарифтік сметада ескерілмейтін шығындар (*айыппұлдар, өсімпұлдар, бюджетке төленетін мемлекеттік баждар, сот шығындары және т.б.*) **35 млн. теңгені** құрады.

7. Электр энергиясын беру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтер көлемдері

Тарифтік сметада транзит көлемі **1 018 млн.кВт*сағат** болып бекітілген, нақты қалыптасқан көлемі **1 029 млн.кВт*сағатты** құрап, бекітілген мөлшерден 1%-ға ұлғайды. Электроэнергиясының транзиты 2021 жылмен

салыстырғанда (2021 жылы электроэнергиясы транзитінің нақты көлемі 1 002 млн.кВт*сағатты құрады) 27 млн.кВт*сағатқа немесе 3 % өсіп отыр.

8. Реттеліп көрсетілетін қызметтер тұтынушыларына жасалып жатқан жұмыстар туралы

«ҚЭТТК» АҚ-ның тұтынушыларымен жұмыс жасаудың негізгі мақсаты: тұтынушыларға электр энергиясын беру бойынша қызметтерді сапалы және үзіліссіз қамтамасыз ету болып табылады.

2021-2022 жылдарға Қызылорда қаласының Арай, Титов және Қызылжарма шағын аудандарында 10/0,4 кВ әуе желілерін дамытуға облыстық бюджеттен **250 млн. теңге** мөлшерінде қаржы экономикалық негіздемесі бекітілді. Қайта жаңғыртудан өткен нысандардың көлемі: **41,2 шақырым** 10/0,4 кВ әуе желісі, **9 дана** 10/0,4 кВ қосалқы станция, **1 дана** арнайы техника.

Қазіргі таңда барлық құрылыс монтаждау жұмыстары толығымен аяқталды.

2022 жылы облыстық бюджеттен компаниямыздың жарғылық капиталын ұлғайту үшін, Қызылорда қаласындағы «Силикатная», «Промышленная» және «Комсомол» 35/10 кВ қосалқы станцияларының күштік трансформаторларын және 35 кВ АТҚ құрылғыларын жаңғырту және дамыту үшін облыстық бюджеттен **549 млн. теңге** қаражат бөлініп төмендегі жұмыстар жүргізілді:

- 35/10кВ «Силикатная», «Комсомол» қосалқы станцияларында 6300 кВА күштік трансформаторлары жаңа 10 000 кВА күштік трансформаторларына ауыстырылып, іске қосылды;
- 35/10кВ «Промышленная» қосалқы станциясында 4 дана вакуумды ажыратқыштар жаңадан орнатылып, жұмыстар толығымен орындалды.

Облыста тұрғын үй секторының ұлғаюы, әлеуметтік нысандар мен кәсіпкерлік нысандардың жаңадан қосылуы, электр энергиясы тұтынушыларының нарығының кеңеюі, Қызылорда облысын электрмен жабдықтаудың дамуы есебінен электр энергиясы транзиті көлемі бекітілген жоспардан 11 млн.кВт*сағатқа немесе 1%-ға өскен.

9. 2023 жылға кәсіпорын қызметінің перспективалары **(оның ішінде электр энергиясын беру бойынша қызметтеріне** **тарифі өзгерген жағдайда).**

Уәкілетті органмен 2021 жылдың қаңтар айында 2023 жылға 4,883 теңге мөлшерінде тарифтік сметасы мен тарифі бекітілді. 2023 жылдың тарифтік сметасында мыналар ескерілген:

- электр энергиясы транзиті көлемі – **1 069 млн.кВт*сағат**, нормативтік ысыраптар - **155 млн.кВт*сағат** немесе **14,60%**;
- жөндеу жұмыстары - **311 млн.теңге**, оның ішінде:

- **46 млн. теңгеге - 355 шақырым** электр тарату желілері мен **44 дана** қосалқы станцияларға ағымдағы жөндеу жұмыстарын орындау қарастырылған;

- **265 млн. теңгеге - 738 шақырым** электр тарату желілері мен **55 дана** қосалқы станцияларға күрделі жөндеу жұмыстарын орындау қарастырылған;

➤ инвестициялық бағдарламаның іс шаралары **371 млн. теңгеге**, төмендегідей жұмыстарды жасау қарастырылған:

193 млн. теңгеге – 27,04 шақырым 10/0,4 кВ электр желілерін қайта жаңғырту;

76 млн. теңгеге – электр энергиясын есепке алу аспаптарын АСКУЭ-ге қосу – 1549 дана;

96 млн. теңгеге – №9 ЦРП-10 кВ тарату пунктін жаңғырту;

6 млн. теңгеге – автотехника сатып алу.

Қазіргі таңда жөндеу жұмыстарына, инвестициялық бағдарламаның іс шараларына қажетті материалдар мемлекеттік сатып алу порталы арқылы жарияланып, келісім шарттар жасалуда.

Инвестициялық бағдарламаны қаржыландыру көзі жеке қаражат есебі болып табылады.

➤ Еуропалық қайта құру және даму банкі несиесі бойынша міндеттемелерге **833 млн. теңге** қарастырылған.

➤ ҚР «Табиғи монополиялар туралы» Заңы және «Тарифтерді қалыптастыру қағидаларына *«өңірдегі (қаладағы) экономикалық қызмет түрлері бойынша бір жұмыскердің бір жылдағы статистика деректері бойынша қалыптасқан орташа айлық жалақысының өзгеруі»* бойынша енгізілген өзгерістерге сәйкес, Компания қызметкерлердің орташа айлық жалақысының және стратегиялық тауарлар құнының өсуіне байланысты 2023 жылдың 31 наурызында Уәкілетті органға тарифті өзгертуге өтінім берді.

Болжамды тариф **5,932 теңгені құрап, 4,883 теңге** бекітілген тарифтен 1,05 теңгеге немесе 21,5% өседі.

2023 жылдың қаңтар айында Қызылорда облысы бойынша электр энергиясымен үзіліссіз қамтамасыз етуге қатысты бірқатар өзекті мәселелер орын алды. Қызылорда облысы бойынша электр желілері мен қондырғылардың орташа тозу деңгейі 68%-ды, ал Қызылорда қаласы бойынша бұл көрсеткіш 72%-ды құрайды.

Қызылорда қаласында ауа-райы қолайсыздығынан авариялық ажыратулар орын алды.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2023 жылғы 23 қаңтардағы №9 қаулысы негізінде компанияның жарғылық капиталын ұлғайтуға 3 118 177 жай акциясын орналастыру жобасы бойынша Қызылорда қаласының электр желілерін дамыту, қайта құру және жаңғырту үшін облыстық бюджеттен 1 587 318 мың теңге қаражат бөлінді.

Бекітілген қаржы экономикалық негіздемесіне сәйкес төмендегі жұмыстарды жасау қарастырылған:

- 35 дана 10/0,4 кВ қосалқы станцияларын блокты толық трансформаторлық қосалқы станцияларға ауыстыру;
- 27 дана 10/0, 4 кВ қосалқы станцияларды жаңғырту;
- 31,65 шақырым 10/0,4 кВ кабельдік желілерін қайта жанарту;

- 16 дана металл платформасы бар автокөлік сатып алу.
Қаржы экономикалық негіздемесі тізбесіне сәйкес материалдарды сатып алуға мемлекеттік сатып алу порталы арқылы келісім шарттары жасалып, құрылыс монтаждау жұмыстары басталды.